

ТЕМІР ЖОЛ – ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ АЙМАҚ. ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ОҚУШЫЛАР ТЕМІР ЖОЛДЫ КЕСІП ӨТЕТІН ҮЙРЕНШІКТІ БАҒДАРЫНА ҚАЙТА ОРАЛАТЫНЫ МӘЛІМ. МІНЕ, ОСЫ КЕЗЕҢДЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР ҚАУПІНІҢ АРТА ТҮСЕТІН ӘДЕТІ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ «ҚТЖ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ ӘДЕТТЕГІДЕЙ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТІП, БҮКІЛ ЕЛ БОЙЫНША ТҮСІНДІРУ АКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ ҚОСЫП ОТЫР.



Марат ШӘКЕНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры



№71-72 (3110-3111)
05/09/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

УКРЕПЛЯЯ ЦЕПОЧКИ ПОСТАВОК И ИНФРАСТРУКТУРУ

В Пекине, на полях Казахстанско-Китайского делового совета, прошла вторая панельная сессия, посвященная вопросам повышения взаимосвязанности и активизации потенциала логистических и производственных цепочек между двумя странами.

Сессия объединила представителей крупнейших транспортных, логистических и промышленных компаний Казахстана и Китая.

В рамках обсуждений особое внимание уделено вопросам углубления логистического взаимодействия в контексте инициативы «Один пояс, один путь». Были рассмотрены предложения по модернизации инфраструктуры, созданию сквозных мультимодальных маршрутов, а также внедрению цифровых решений для прозрачного и бесперебойного перемещения грузов.

Во время выступлений спикеры отметили устойчивый рост контейнерного транзита: «За последние 10 лет объемы контейнерного транзита через Казахстан увеличились в пять раз. Это результат системной работы по развитию транспортных коридоров, а также тесного сотрудничества с китайскими партнерами».

При этом именно контейнерный транзит сегодня становится главным драйвером развития и символом интеграции Казахстана в глобальные цепочки поставок.

Во время панельной сессии отмечено, что железнодорожные перевозки между Казахстаном и Китаем демонстрируют устойчивый рост. В 2024 году их объем составил 32 миллиона тонн – это исторический максимум.

В текущем году планируется уже 35 миллионов тонн, так, за январь – июль 2025 года перевезено



свыше 20 миллионов тонн, что на 10% больше, чем годом ранее.

Участники сессии также подчеркнули, что дальнейшее развитие транспортно-логистического взаимодействия будет способствовать диверсификации маршрутов, росту экспорта и привлечению инвестиций в сопутствующие отрасли. Были затронуты также темы расширения складской и терминальной инфраструктуры, синхронизации нормативных процедур, цифровизации сквозных логистических операций и устойчивых решений в сфере зеленых перевозок.

Также в Пекине состоялась важная встреча между председателем правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгатом Алдыбергеновым и президентом China Communications Construction Company (CCCC) господином Чжан Биннаном. Переговоры были посвящены ходу реализации стратегического инфраструктурного проекта – строительства железнодорожной линии Бахты – Аягоз.

На встрече подчеркнута необходимость ускорения мобилизации строительных ресурсов, активного привлечения техники и рабочей силы, а также

скорейшего обустройства мест проживания для работников на участке строительства. Китайская сторона в лице компании CCCC выразила полную готовность усилить темпы реализации и в кратчайшие сроки приступить к следующему этапу: проектированию и масштабным земляным работам. Железнодорожная линия Бахты – Аягоз является ключевым элементом инфраструктурного сотрудничества между Казахстаном и Китаем.

Реализация проекта позволит: снизить нагрузку на существующие маршруты; повысить экспортно-транспортный потенциал Казахстана; ускорить доставку товаров в рамках международных коридоров, включая Транскаспийский маршрут; усилить экономическое сотрудничество между регионами.

Завершение строительства ожидается к концу 2027 года. АО «НК «ҚТЖ» совместно с руководством Абайской области оказывает всестороннюю поддержку в вопросах логистики, инфраструктуры и координации на местах.

Жаныбек КЕНЕС
Фото Олжаса АХМЕТОВА

«ПОЙЫЗ+ПОЙЫЗ» ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ



Ұлттық тасымалдаушының «Пойыз+Пойыз» қызметі арқылы жолаушылар 20 мыңнан астам билет рәсімдеді. Қызмет ресми bilet.railways.kz сайтында қолжетімді. Ол тікелей рейстерге орын болмаған жағдайда немесе қатынас мүлде жоқ бағыттарда жолаушыларға ыңғайлы маршруттарды автоматты түрде таңдап береді.

Қызметті пайдалану үшін жолаушы сайтқа кіріп, жөнелту мен келу станциясын көрсетеді. Жүйе бірден қолайлы бағыттарды ұсынып, билетті онлайн рәсімдеуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, сайтта автобус билеттерін де қатар сатып алуға болады.

«Пойыз+Пойыз» – жолаушылар тасымалында енгізіліп жатқан хабытқы жүйенің бір бөлігі. Ұлттық тасымалдаушы кезең-кезеңімен дамытып отырған хабытқы жүйе қазірдің өзінде алғашқы нәтижесін көрсетуде. Оның айқын мысалы – Астана – Бұрабай бағыты. Бұл бағытта қатынайтын «Buraбай express» электропойызының кестесі курорт пен қонақүйлердің жұмыс уақытымен үйлестірілген. Бұл жолаушылардың жол жүруін әлдеқайда жеңілдетіп, демалыстарын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік берді.

Алдағы жылдары хабытқы жүйе еліміздің барлық өңірлерінде жүзеге асырылады. 2026 жылдан бастап қала маңы мен алыс бағыттағы пойыздарды интеграциялау көзделуде. Кестелерді сәйкестендіру мен аялдамаларды оңтайландырудың арқасында жолаушыларға пойыздан пойызға ауысып отыру жеңілдейді, ал сапар уақыты қысқарады. Жобаны іске асыруға халықаралық DB Engineering & Consulting мамандары тартылып отыр. Бұл Қазақстанның көлік жүйесін дамытуға әлемдік үздік тәжірибелерді енгізуге жол ашады.

Ұлан ОРАЗ



Сайран БАРЖАКСИН,
главный инженер филиала
ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» –
«Акмолинское отделение ГП»:



ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА ВСЕГДА БЫЛА ЗОНОЙ ПОВЫШЕННОЙ ОПАСНОСТИ, ПОЭТОМУ БЕЗОПАСНОСТЬ ЗДЕСЬ – ЭТО НЕ РАЗОВАЯ АКЦИЯ, А ПОСТОЯННЫЙ ПРОЦЕСС. ЗА ТРИ МЕСЯЦА МЫ ПРОВЕЛИ БОЛЕЕ 150 СОВМЕСТНЫХ РЕЙДОВ И СВЫШЕ 300 БЕСЕД С ЖИТЕЛЯМИ И УЧАЩИМИСЯ. НО РАБОТА НА ЭТОМ НЕ ДОЛЖНА ОСТАНАВЛИВАТЬСЯ. ЕЖЕДНЕВНАЯ ПРОФИЛАКТИКА И СОВМЕСТНЫЕ УСИЛИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ, ПОЛИЦИИ И НАСЕЛЕНИЯ ПОМОГУТ ПРЕДОТВРАТИТЬ ТРАГЕДИИ И СОХРАНИТЬ ЖИЗНИ.



Тасымал

КҮНБАҒЫС ФЛЕКСИТАНКПЕН ЖӨНЕЛТІЛДІ

ҚТЖ флекситанкті қолдана отырып, күнбағыс майын 40 футтық контейнерлерде алғашқы жөнелтуді жүзеге асырды. Пилоттық партия еліміздің шығысындағы Предгорная станциясынан Достық – Алашанқай шекара өткелі арқылы Қытайдың Нантун қаласына жөнелтілді.



Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Флекситанктер – бұл контейнерлер ішіне орналастырылған икемді резервуарлар. Олар 26 тоннаға дейін сұйық жүктерді тасымалдауға мүмкіндік береді, бұл жүктің сенімді қорғалуын қамтамасыз етеді және ағып кету мен ластану қаупін азайтады. Жөнелту рәсіміне ҚТЖ және Майлы дақылдарды қайта өңдеушілер ұлттық қауымдастығының өкілдері қатысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2020 жылдан бастап флекситанктерді пайдалана отырып, 20 футтық контейнерлерде өсімдік майларының экспортын белсенді дамытып келеді, бұл қазақстандық май өнімдері

үшін аса ірі нарыққа жеткізу көлемінің өсуіне ықпал етеді. 40 футтық контейнерлерде жаңа жөнелту экспорттық тасымалдауды кеңейту үшін қосымша мүмкіндіктер ашады. Соңғы бес жылда Қытайға өсімдік майларын жеткізу 10 есе өсті. Жоба 2025 жылғы маусымда Чжэнчжоуда ҚТЖ мен «Қытай темір жолдары» мемлекеттік корпорациясы арасындағы тасымалдауды ұйымдастыру және маркетинг жөніндегі сарапшылар тобының кеңесінде қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберінде іске асырылды.

Контейнерлерді флекситанктермен жарақтандыру бойынша техникалық жұмыстарды Қазақстан мен Қытайдың теміржол әкімшіліктерінің талаптарына толық сәйкес осындай жабдықты

орнатуға маманданған қазақстандық компания орындады.

ҚТЖ — «Интеграцияланған жоспарлау дирекциясы» филиалының өкілі Қайрат Жұмабаев, флекситанктерді пайдалану тасымалдау шығындарын едәуір қысқартуға, тиеу және түсіру процестерін жеделдетуге, сондай-ақ экспорттық-импорттық операциялардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін айтып отыр. ҚТЖ инновациялық логистикалық шешімдерді дамытуды, тасымалдау процестерін оңтайландыруды және жаңа экспорттық бағыттарды ашуды жалғастыруда, бұл Қазақстанның халықаралық нарықтағы ұстанымның нығайтуға және ұлттық экономиканың өсуіне ықпал етеді.

ОБНОВЯТ ВОРОТА СТОЛИЦЫ

Масштабный капитальный ремонт ведется на столичном вокзале Астана-1. Он охватывает как инженерные системы, так и внутреннюю инфраструктуру.



Любовь РОВБА,
Астана

В состав вокзального комплекса входят здания 1990 и 1961 годов постройки. Ремонт будет вестись поэтапно. На первом этапе обновят помещения 1990 года постройки, где последняя реконструкция проводилась в 2004 году. Общая площадь комплекса превышает 11 тысяч квадратных метров. Вокзал оснащен тремя лифтами, 10 эскалаторами и имеет три



приемоотправочных пути.

В рамках модернизации предусмотрен ремонт кровли, фасада, лестничных маршей, пассажирских платформ с заменой освещения, ремонт и замена инженерных систем, отделочные работы внутренних помещений, ремонт санитарных узлов. Будут обеспечены условия для доступа лиц с инвалидностью, установлено современ-

ное информационное табло расписания, переговорные устройства, обновлены места для ожидания, мебель для комнат матери и ребенка и маломобильных пассажиров, а также реализован ряд других улучшений. На вокзале планируется установка бесшумных эскалаторов с датчиками движения, а на фасаде здания – современных светодиодных часов.

На сегодняшний день ведутся работы по демонтажу старых конструкций – фасада, кровли, витражей. В проекте задействовано более 100 рабочих и 10 единиц спецтехники.

До холодов планируют полностью завершить демонтаж и приступить к монтажу кровли и фасадной части здания. Зимой начат внутреннюю отделку. На следующий год планируется завершить наружные работы, а также силами местных исполнительных органов провести реконструкцию привокзальной площади.

Работы ведутся в соответствии с утвержденным графиком. На втором этапе пройдет модернизация здания 1961 года постройки. После завершения реконструкции здания вокзального комплекса станут современными, безопасными и комфортными для пассажиров.

В настоящее время для удобства жителей и гостей столицы все необходимые условия созданы в здании 1961 года, которое относится к памятникам архитектурного наследия. В здание перенесены билетные кассы, справочные бюро, сохранена деятельность комнат ожидания для лиц с инвалидностью, комната матери и ребенка, санузел, в том числе специали-

зированный для маломобильных групп населения, которые бесплатно оказывают свои услуги, установлены комфортные кресла. Имеются магазины и прилавки с продуктами питания, гостиница.

– Конечно, пассажиры испытывают временные неудобства, но мы просим с пониманием отнестись к проводимым работам. Сейчас мы находимся на стадии ремонта, но уже в скором будущем ждем красивый новый вокзал, который будет встречать наших гостей уютно и тепло, – отмечает заместитель начальника вокзала Астана-1 Оксана Жигарина.

По итогам первого полугодия 2025 года вокзал Астана-1 ежедневно обслуживает 26 пар поездов, а пассажиропоток составляет свыше 10 тысяч человек.

АО «НК «ҚТЖ» реализует масштабную программу обновления вокзальной инфраструктуры: капитальные ремонты охватывают более 100 вокзалов по всей стране. Все работы финансируются за счет собственных средств компании и направлены на повышение качества обслуживания пассажиров. Масштабные ремонтные работы проводятся впервые за последние десятилетия.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖОЛАУШЫ САНЫ – 7,8 МИЛЛИОН

Ұлан ОРАЗ,
Астана



«Жолаушылар тасымалы» АҚ жеті айдың жұмыс қорытындысын жариялады. Осы кезеңде Ұлттық тасымалдаушының пойыздарымен 7,8 миллионнан астам жолаушы сапарға шықты.

Жолаушылар ағыны әсіресе жазғы және қысқы маусымдарда, сондай-ақ мереке және демалыс күндері арта түседі. Осыған орай 2025 жылдың жазында «Жолаушылар тасымалы» АҚ 13 қосымша маршрут ұйымдастырып, Алакөл бағытына арнайы пойыздар шығарды. Олардың қатарында Астана – Достық, Алматы – Достық, Семей – Шар – Достық, Өскемен – Ақтоғай – Достық, Қызылорда – Достық және Павлодар – Достық бағыттары бар. Сондай-ақ сұранысы жоғары Астана – Алматы, Астана – Шымкент және Ақтөбе – Астана қатынастары қосымша күшейтілді.

Жолаушылар үшін енгізілген заманауи сервистердің бірі – «Құту парағы» жүйесі де кеңінен қолданылуда. Ол бос орын шыққан жағдайда билетті жедел рәсімдеуге мүмкіндік береді. Қызмет ilet.railways.kz сайтында және барлық билет кассаларында қолжетімді. 2025 жылдың басынан бері бұл сервисті 281 мыңнан астам клиент пайдаланып, 105 мыңнан аса жолаушы билет сатып алды.

Компания паркінің жаңауры да тұрақты түрде жалғасуда. Бүгінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ вагон паркінде 2 204 вагон бар, оның ішінде 1 060 стандартты вагон, 656 «Тальго» және 94 электр пойызы бар. Соңғы он жылда парк 50 пайызға жаңартылды. Алдағы жылдарда бұл үрдіс жалғасын тауып, 2030 жылға дейін Stadler Kazakhstan зауытынан 557 жаңа заманауи вагон жеткізіледі. Биылдың өзінде ұлттық тасымалдаушыға 51 Stadler Kazakhstan вагоны және ЗИКСТО зауытында шығарылған 63 отандық вагон берілмек.

БЕС ВОКЗАЛ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,
Қызылорда



Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарына жұмыс сапарымен барып, теміржол вокзалдарын күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді.

Алдымен аймақ басшысы «Тереңөзек теміржол вокзалын күрделі жөндеу және аумағын абаттандыру» жобасы аясында атқарылған жұмыстарға назар аударды. Жоба бойынша перронды жарықтандыру, брусчатка төсеу, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнату, көгалдандыру, темір қоршаулар орнату және гранит тастармен әрлеу қарастырылған. Жалпы аумағы 274 шаршы метр болатын ғимарат құрылысы осы жылдың тамызында басталып, желтоқсанда аяқталмақ. Жалағаш ауданында бұрынғы теміржол пункті қайта жаңғыртылуда. Ескісі бұзылып, заманауи вокзал салынады. Сондай-ақ перронды абаттандыру және жарықтандыру жоспарланған.

Мердігер мекеме ескі пункттің орнын тегістеуге кірісіпті. Аумағын абаттандыру үшін Жалағаш кенті әкімдігінің теңгеріміндегі жер учаскесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қызылорда облыстық филиалына берілген. Жобада жаңа үлгідегі ғимарат, перронды абаттандыру және жарықтандыру қарастырылған. Жосалы кентіндегі 1904 жылы салынған теміржол вокзалында да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта шатыр ашылып, ішкі бөлмелер демонтаждалып, қасбеті қапталуда.

Төретам теміржол вокзалында да жөндеу және аумағын абаттандыру қарқын алған. Құрылыс алаңы қоршалып, эскиздік жобаға сәйкес қасбетті жылу сақтағыш материалдармен және травертинмен қаптау, шатырды жаңарту жұмыстары басталған. Ішкі бөлмелердегі гипсокартон мен кафеь бұзылып бітті. Қазір құрылыс алаңында 13 адам еңбек етуде.

Әйтеке би кентіндегі теміржол вокзалы 1903 жылы салынған. Тарихи ғимарат соңғы рет 2013 жылы жөнделген. Қайта жаңғырту жұмыстары шатырды ауыстыру, есік-терезелерді жаңарту, электр және жылу жүйелерін ішінара жөндеу, аумақты абаттандыруды қамтиды. Жаңғырту кезінде ғимараттың тарихи келбеті сақталады. Келесі нысан – «Арал теңізі» теміржол вокзалы 1904 жылы пайдалануға берілген. Бұл нысанға 2013 жылы соңғы рет күрделі жөндеу жүргізілген болатын. Қазіргі таңда ғимарат толықтай қайта жаңғыртылуда.

Елімізде 100 теміржол вокзалын жаңғырту қолға алынған. Оның 10-ы Қызылорда облысының аумағында екен. Өңірдегі теміржол вокзалдарын күрделі жөндеу үшін шамамен 5,0 млрд теңге қаржы қажет. Жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемелер «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен келісімшартқа отырған. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы ғасырдан астам тарихы бар вокзал мен оның аумағы толықтай жаңғыртудан өткен. 1905 жылы салынған бір қабатты вокзалға күрделі жөндеу жүргізіліп, бүгінде заманауи талаптарға сай бейімделіпті. Қасбеті травертин плиталармен қапталып, шатыры жаңартылған, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустар орнатылған.

Сонымен қатар суағар, су, кәріз және жылу жүйелері жөнделіп, қала жақ беті көгалдандырылған. Ішкі бөлмелері де толықтай жөнделіп, сыртта екі жолаушылар платформасына асфальт төселіп, төрт тірекке 10 жарық шамы орнатылған. 1969 жылы салынған екінші нысан да жаңартылыпты. Әкімшілік ғимараттың қасбеті әрленіп, есіктері, 200 шаршы метр шатыр ауыстырылған. Жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен перрон мен автотұрақ асфальтталып, жарық шамдар қойылған. Осылайша, сол аумақтағы нысандардың қасбеті де заманауи келбетке ие болды.

ЖАЛАҒАШТЫҚТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Пойыздардың қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – теміржолшылардың басты міндеті. Бұл бағыттағы жұмыстар Жалағаш станциясында да тұрақты бақылауда. 2025 жылдың шілде айы және жартыжылдық қорытындысы станция ұжымының қозғалыс қауіпсіздігіне деген жауапкершілігінің жоғары екенін айқындап отыр.

Жыл басынан бері станцияда пойыздық және маневрлік жұмыстар ақаусыз атқарылды. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда да жұмыс барысында ешқандай қиындық тіркелмеген. Бұл – теміржолшылардың өз қызметіне деген мұқияттылығы мен тәртіптің жоғары деңгейде сақталуының нәтижесі. Жалағаштық теміржолшылар жыл басынан бері барлық жүк вагондарының түрлерінен жүк түсірген. Жабық, ашық, цистерна және өзге жүк вагондарын қоса алғанда 322 вагонды жүгінен босатқан. Шілде айының өзінде 82 жүк вагонынан жүк түсіріп, 16 вагонға 1005 тонна жүк тиеген.

Сонымен қатар қосалқы жолдарда тіркелген оқиғалар да назардан тыс қалмайды. Кірме жолдардың үстіңгі құрылысының дұрыс күтіп-ұсталмауы және рельс аралығының шамадан тыс ұлғаюы жылжымалы құрам қозғалысына қауіпті. Бұл келеңсіздіктің алдын алу үшін станция еңбеккерлері жұмыс істеп, жол шаруашылығымен айналысатын жауапты мамандарға тиісті ескертулер, бақылауды күшейтуде. Вагон паркіне



қатысты да оң көрсеткіш байқалды. Жыл басынан бері қосалқы жолдарда вагондардың зақымдануы тіркелмеді. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде де вагондардың сақталуы толық қамтамасыз етілген.

– Станцияда пойыз қозғалысын басқаруға тікелей әсер ететін техникалық құралдардың жағдайы қалыпты. Жартыжылдық жұмыстың қорытындысы бойынша сигнализация, орталықтандыру және блокировка (СОБ) құрылғыларының да, байланыс жүйелерінің де істен шығуы тіркелген жоқ. Автоблокировка да бірде-бір рет жабылмады. Бекет теміржолшыларының маңызды міндеттерінің бірі – пойыздардың кіреберіс бағдаршамдар алдында кідірмеуін қамтамасыз ету. Биыл жыл басынан бері станцияда пойыздардың бөгелуі болмаған. Өткен жылы да бұл көрсеткіш өзгеріссіз оң деңгейде сақталған, – дейді станция бастығы Айбек Қасымов.

Ай сайынғы жоспарлы жұмыстар да уақытылы жүзеге асуда. Әр айдың алғашқы он күнінде станциялық жолдар мен бағыттамалық бұрмаларға екі мәрте комиссиялық



тексерулер жүргізіледі. Бұл бақылау шаралары теміржолдың техникалық жай-күйін қадағалауға, ақаулардың алдын алуға және пойыз қозғалысы қауіпсіздігін барынша қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Жалағаш станциясының ұжымы бірлігі бекем, ісіне ұқыпты, жауапкершілігі жоғары теміржолшылардан құралған. Сондықтан өз қызметін адал атқарып жүрген станция мамандарының еңбегі зор құрметке лайық. Станция кезекшілері Болат Тұрлашев пен Бақытбек Ембергенов, тауар кассирі Мөлдір Жайлыбаева, вагон жүктерін тап-тұйнақтай реттеп, жүк қабылдап-тапсырушылар Әскер Шойынбаев пен Мадина Бадырақ станцияның үлгілі, озат теміржолшылары қатарынан. Олардың табандылығы мен қырағылғы арқасында қозғалыс қауіпсіздігі жоғары деңгейде сақталып келеді.

Суреттерді түсірген автор

БЕЙНЕТІРКЕГІШТЕР ОРНАТЫЛУДА



2025-2027 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС бойынша 76 жолаушылар локомотивіне бейнетіркегіштер орнату жоспарланған. Соның 60 локомотиві биыл жабдықталса, осы жылдың соңына дейін тағы 5 локомотивке бейнетіркегіш орнатылмақ. Ал қалған 11 локомотив келесі жылы жабдықталады деп күтілуде.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Кәсіпорын басшылары бұл жабдықтарды орнатудағы мақсат – пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін айтып отыр. Себебі жол бойында жолаушылар пойыздарына зақым

келтіретін жайттардың орын алып жататыны жасырын емес. Мәселен, 2025 жылдың жеті айында шұғыл тежегішті қолдана отырып, жолаушылар пойыздарының мал-жанмен соқтығысқан 150-ден астам оқиғасы тіркелген. Әрине бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда

17,5% төмендеген. Десек те, бұл оқиғалардың өзі кәсіпорынға үлкен қаржылық шығын әкеліп отыр. Локомотивтердің малмен соқтығысуы салдарынан серіктестіктің локомотивтеріне, яғни локомотивтің қаптамасы, вагондардың жылыту розеткалары, ALSN қабылдау катушкалары,

РЕЛЬС ДӘНЕКЕРЛЕУ ЦЕХЫНДА ӨТКЕН БІР КҮН



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жоспар бойынша аталған учаскенің 46 шақырымына рельс жеткізіп беруі керек. Кәсіпорын бұдан бөлек «Мойынты-Саяқ» учаскесіндегі салынған екінші жолдың құрылысын қажетті рельспен қамтамасыз еткен. Жалпы, Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының биылғы жылдың жоспары 229 шақырымды құрайды. Өткен 7 айда 187 шақырымға жететін рельс дәнекерленген.

Кәсіпорын директоры Бахтияр Түлековтің айтуынша, «Мойынты-Саяқ» учаскесінде бір жолақты жол ғана болған. Қазір екінші жолдардың құрылысы аяқталыпты. Салынып жатқан жаңа жолдардан басқа, Семей, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда бөлімшелерімен қатар Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан учаскелерді рельспен қамтамасыз етіп отырған кәсіпорынның рельс дәнекерлеу цехына қай уақытта барсаңыз да жұмыс тоқтаусыз жүріп жатады. Біреуі рельс ұштарын балқытып жатса, екіншісі рельстерді егейді, үшіншісі дәнекерлейді. Ары қарай егеліп, дәнекерленген рельстер топтастырылып, жылжымалы құрамға тиеледі.

Рельс дәнекерлеу цехында өткізген бір күнде біз әр жұмысшының еңбегімен танысып, барлық процеске куә болдық. Жақында ғана теміржолшылардың кәсіби мерекесіне орай «Адал еңбегі



үшін» медалімен марапатталған цех бастығы Қали Асильов қызу жұмыс жүріп жатқан аймаққа бастап барды.

Зауытта өндірілген жаңа және өңделетін ескі рельстер цехтың оңтүстік-шығыс аймағына түсіріледі екен. Осы жерде сұрыпталған рельстер әрі қарай егуге жіберіледі. Егеліп, екі ұшы балқытылғандары дәнекерлеушінің алдына барады. Цехтағы жұмысты тізбекті реакция деуге болатындай. Топтастыру алаңынан алдына келген рельсті егуге кіріскен Ондасын Алпанов жастарға білгенін үйретіп бағуда. Биыл зейнетке шығатын егушінің 31 жылдық тәжірибесі болуына ғана емес, мына жақта егеліп-балқытылған рельсті күтіп дәнекерлеушілер тұр.

Кәсіпорындағы еңбек жолын слесарь болып бастаған Ильдар Хабибуллин 12 жылдан бері рельс дәнекерлеп келеді екен. Бір жерде табан аудармай ұзақ жыл жұмыс істеген ол биыл 20



жылдан астам уақыт үздіксіз еңбегі үшін бір реттік ынталану ретіне сыйақысын алып, арнайы белгімен марапатталыпты.

– Отбасымда менен басқа теміржолшы жоқ. Өзім осы кәсіпорында 22 жылдан бері еңбек етіп келемін. Табысы тұрақты, жұмысы тоқтаусыз болған соң басқа салаға ауысуды ойлаған емеспін. Зейнетке осы жерден шықсам деп ойлаймын. Кәсібім өзіме ұнайды. Ұжыммыз да жақсы, – дейді Ильдар Хабибуллин.

Ал цех шебері Жәнібек Акилов бұл салаға әке жолын жалғастыру үшін келіпті. «Бастапқыда топтаушы ретінде жұмысқа қабылдандым. Үш жылдан кейін ауыстым, міне жырма жылдан бері цех шеберімін. Әкем Кеңесбек Луговой жол дистанциясында – жолшы, анам Сағымкүл Мұсаева жол жөндеуші болып 30 жылдан еңбек етті. Теміржолда жұмыс істеп жүріп, зейнетке шықты», – деп Жәнібек теміржолшылар әулетінен

екенін мақтанышпен жеткізді.

Жалпы кәсіпорындағы еңбек процесі – екі ауысымды. Рельс дайындау – шаң-тозаңы көп жұмыс. Сол үшін барлық еңбеккерлерге сүт беріледі екен. «Жұмысшыларға қолайлы жағдай жасау үшін рельс топтастыру алаңының жанына жабық қосын салдық. Шағын ғана бір бөлмеде бір мезгіл демалып, шай ішіп, тамақтанып алуға болады. Тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, шәйнек секілді керек-жарақтың бәрі бар. Рельс дәнекерлеу цехындағы жұмысшылардың басым көпшілігі – кәсіпорында 10, 20, 30 жылдан бері еңбек етіп келе жатқандар. 50 пайызы үздіксіз ұзақ жылғы еңбегі үшін бір реттік сыйақы алды. Былтыр цехта 87 шақырымға жететін 800 метрлік рельс бұнақтарын дайындадық. Биыл да жоспарды асырып орындауды көздеп отырмыз», – деп түйіндеді өңгімемізді цех бастығы Қали Асильов.

Суреттерді түсірген автор

КАЖДЫЙ МЕТР ПУТИ – ОГРОМНЫЙ ТРУД

В Алматинском регионе завершается капитальный ремонт железнодорожно-го пути. Работы проводятся строго по графику с соблюдением всех норм безопасности и применением современной техники. Особое внимание уделяется качеству укладки рельсов, замене шпал и балластного слоя. Эти меры позволяют повысить надежность железнодорожной инфраструктуры, увеличить скорость движения поездов и обеспечить бесперебойное сообщение.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Железнодорожники отмечают, что капитальный ремонт проводился в строгом соответствии с графиком, с применением современной техники и новых технологий. Обновленные участки пути обеспечат стабильную работу локомотивных и поездных бригад, снизят затраты на текущее содержание и увеличат скорость пропуска поездов.

В этом году капитальный ремонт охватил участки Актогайской, Алматинской и Уштобинской дистанций пути. Отдельно стоит отметить работы, выполненные хозяйственным способом силами ПЧМ Акадыр: при плане 29,7 километра ремонт полностью завершен, уложено щебня свыше 80 тысяч кубометров.

В этом году капитальные работы прошли на участках Актогайской, Алматинской и Уштобинской



дистанций пути. Так, в Актогайской дистанции на перегоне Лепсы – Жасказах уложено свыше 10,8 километра пути. В ПЧ-45 Уштобе на перегоне Кумтобе – Егину выполнено 11,69655 километра, а также проведено оздоровление трех станионных путей протяженностью более двух километров с переходом с рельсов Р50 на более современные Р65. В Алматинской дистанции завершены работы на перегоне Чильбастау – Копа протяженностью 7,1 километра. На перегоне Копа – Чильбастау силами ПЧМ Чу произведена сплошная смена рельсовых опор на участке

6,3 километра. Дополнительно, вне плана, проведены работы по обновлению 3,1 километра пути на станции Алматы-1 и перегоне Алматы-1 – Алматы-2.

Особое внимание уделено укладке стрелочных переводов: при годовом плане в 77 комплектов уже поступило 34, из которых 32 уложены с начала сезона. Параллельно ведется строительство проволочной скотоизгороди: из запланированных 75,4 километра возведено 22,6. Эти меры призваны повысить безопасность движения и предотвратить выход скота на железнодорожные пути.

Начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети Руслан Нурболат отметил, что капитальный ремонт пути в регионе является результатом слаженной работы всего коллектива.

– Мы вышли на завершающий этап большой программы обновления. Каждый метр пути – это труд десятков специалистов, которые в любую погоду выполняют задачи с полной отдачей. Благодаря современной технике и материалам удалось повысить качество укладки и надежность железнодорожного полотна. Это значит, что движение поездов станет еще более безопасным и стабильным, – подчеркнул он.

Масштабное обновление на железнодорожной инфраструктуре позволило укрепить надежность магистрали, повысить уровень безопасности движения и создать условия для дальнейшего роста перевозок.

Фото автора

ОБЪЕДИНЯЯ ЛЮДЕЙ И СТРАНЫ

В рамках железнодорожного салона пространства 1520 «PRO//Движение. Экспо» в Санкт-Петербурге состоялся Международный пассажирский форум, который возобновил свою работу после шестилетнего перерыва.

Любовь РОВБА,
Астана

Мероприятие объединило перевозчиков и экспертов отрасли из Казахстана, России, Беларуси, Китая и других стран. Открыла форум панельная сессия «Международные пассажирские перевозки. Объединяя людей и страны». Главными темами повестки стали восстановление международного сообщения в постпандемийный период, обновление подвижного состава, туристические перевозки, а также единое информационное пространство на платформе «Экспресс».

В своем приветственном слове председатель Дирекции Совета по железнодорожному транспорту го-



сударств – участников Содружества Виктор Попов подчеркнул, что в современных условиях важность развития международных железнодорожных перевозок приобретает особое значение.

– Железнодорожный транспорт сегодня остается одним из самых надежных и удобных способов передвижения, обеспечивая социальное обслуживание и экологическую устойчивость, – отметил он.

В своем докладе заместитель генерального директора АО «Пассажирские перевозки» Айбат Кангалиев проинформировал о планах по обновлению подвижного состава, развитию международного сообщения и туристических поездов, сервисах и услугах национального перевозчика.

Так, до 2030 года планируется полностью обновить парк пассажирских вагонов ҚТЖ, за последние пять лет обновлено 70%. Сегодня в нем 2 204 вагона, а средний возраст составляет 16 лет.

– До 2030 года планируем 993 вагона обновить. Часть вагонов производится в Казахстане по технологии швейцарской компании Stadler. Уже в декабре будет поставлен 51 вагон, или три состава, которые будут курсировать на участке Астана – Алматы и Астана – Семей. С февраля по декабрь следующего года запланирована поставка еще 91 вагона, – сообщил Айбат Кангалиев.

Кроме того, перевозчик покупает вагоны у отечественного завода ТОО «ЗИКСТО» в Петропавловске.

– В целом запланировано приобретение 418 вагонов, на сегодняшний день с 2022 года мы уже получили 255 единиц, – проинформировал спикер. – Также проводится работа по поставке 100 вагонов новой серии 61-4445, произведенных по технологии Тверского вагоностроительного завода.

Говоря о развитии международного сообщения, он отметил, что сегодня между Казахстаном и РФ курсирует шесть пассажирских поездов: из Алматы в Казань, Саратов и Новосибирск, из Караганды в Москву и Омск, а также из Атырау в Астрахань. Все составы укомплектованы вагонами 2019-2025 годов постройки. Развитие туристического движения. На сегодняшний день запущено семь туристических поездов, средняя заполняемость которых достигает 95%. На 12 маршрутах запущены женские вагоны, это порядка 700 тысяч пассажиров.

– У нас есть устойчивая динамика по развитию туризма и международных перевозок. К 2025 году, по сравнению с 2021 годом, пассажиропоток увеличился в 2,5 раза. Работа по расширению географии перевозок, улучшению сервиса и созданию комфортных условий для пассажиров продолжится, – подчеркнул Айбат Кангалиев.

Фото автора

НАЧАЛЬНИКИ СТАНЦИЙ СДАЮТ ПЕРВЫЙ ЗАЧЕТ

Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау



В Акмолинском отделении грузовых перевозок состоялись обучающие занятия для руководителей железнодорожных станций, которые недавно начали работать в должности.



В учебе приняли участие 12 начальников станций региона. Двухдневная программа стала для них важным шагом в профессиональном становлении, позволил объединить теорию и практику.

В первый день молодые руководители знакомились с основами работы по технической части. Лекции охватывали широкий спектр тем: от правил ведения документации до вопросов охраны труда и производственной безопасности. Участники подробно разбирали специфику различных неисправностей, а также отработывали алгоритмы профилактической работы с населением по предупреждению выхода на железнодорожные пути. Отдельное внимание уделили вопросам взаимодействия с клиентами при заключении договоров по грузовому хозяйству, а также вводу информации в автоматизированную систему управления.

Особое место в обучении заняли практические занятия. На станции Кокшетау для слушателей был организован учебный комиссионный осмотр с участием представителей дистанции пути, связи, электроснабжения и вокзального хозяйства.

Руководители станций наглядно увидели, как выявлять неисправности верхнего строения пути, оборудования сигнализации и связи, электросетей. Под руководством главного инженера отделения Сайрана Баржаксина они воспроизвели действия, необходимые для обеспечения бесперебойной работы перевозочного процесса и безопасности движения поездов.

– Учеба помогла молодым начальникам не только освоить базовые требования, но и выбрать системный подход к управлению станцией. Ведь от руководителя требуется внимание к инфраструктуре, умение быстро реагировать на отклонения и грамотно документировать все процессы, – отметил Сайран Баржаксин.

В свою очередь участники отметили, что подобные занятия позволяют глубже понять реальные вызовы железнодорожной отрасли.

В завершение двухдневной программы был проведен зачет по всем изученным темам. Его результаты подтвердили: за короткое время новички получили прочный багаж знаний и навыков. Впереди у них – практические испытания на своих станциях, но эта учеба стала хорошим фундаментом, который позволит им увереннее справляться с профессиональными обязанностями.

Занятия для руководителей станций, только вступивших в должность, показали, что качественное обучение – это не формальность, а необходимое условие для безопасности движения и стабильной работы железной дороги. Ведь именно от грамотных и подготовленных специалистов зависит надежность всей транспортной системы.

Фото автора

БЕСПЕЧНОСТЬ И ОПАСНОСТЬ НА ПУТЯХ

Лана ВЕРШИННА,
Караганда



В Карагандинском регионе участились случаи выхода домашнего скота на железнодорожные пути.


За последние месяцы в области зафиксирован 51 наезд железнодорожными составами на домашних животных. Как отметил инженер пути Карагандинской дистанции пути ПЧ-24 Элихан Жақсылық, подобные ситуации создают серьезную угрозу безопасности движения, приводят к экстремному торможению транспорта и, как правило, заканчиваются печально.

– Согласно действующим правилам, владельцы животных обязаны обеспечивать их выпас и содержание только в установленных местах. Самовольный выпуск скота на дороги или железнодорожные пути является нарушением законодательства и влечет административную ответственность, – отметил он. – На сегодняшний день штраф за бесконтрольный выпас скота приравнивается к 3 МРП и до 10 МРП за повторный.

Руководство ПЧ-24 напоминает: каждый случай выхода скота на путь – это потенциальная опасность для людей, транспортных средств и самих животных. Чтобы избежать трагедий, необходимо строго соблюдать правила выпаса и следить за своими хозяйствами. То же самое касается и людей, которые не соблюдают правила перехода через железнодорожные пути. И это создает угрозу не только их жизни, но и безопасности движения поездов.

По данным транспортной полиции, основными причинами несчастных случаев являются переход путей в неположенных местах, использование наушников и мобильных телефонов, а также пренебрежение предупреждающими знаками.

ДЕЙСТВИЯ ВО БЛАГО КОЛЛЕКТИВА



На станции Караганда-Сортировочная прошла отчетно-выборная кампания в первичных профсоюзных организациях в Карагандинском регионе. Итогом стала XXXI Отчетно-выборная конференция Карагандинского филиала профсоюза, прошедшая во Дворце культуры железнодорожников.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

На мероприятии с отчетными докладами о проделанной работе за период 2020-2025 годов выступили председатель филиала Яхия Альмусин и председатель ревизионной комиссии Наталья Прохорова.

По итогам выступлений председатель регионального совета ветеранов Марьяш Кумекова отметила: во все времена профсоюзное движение в Карагандинском отделении железной дороги традиционно являлось мощной движущей силой, и это отражено в отчетном докладе Яхия Токимовича, где четко обозначены результаты деятельности, определены конкретные цели, направленные на реализацию поставленных задач.

– Я являюсь председателем Карагандинского регионального совета ветеранов-железнодорожников, где на учете состоят более пяти тысяч ветеранов железнодорожного транспорта. Со

дня образования ветеранского движения в 2003 году мы постоянно ощущаем большую помощь и поддержку от филиала ОО «Казпрофтранс»: нам выделен отдельный кабинет для работы, произведен хороший ремонт, обеспечено оснащение необходимой мебелью и оргтехникой. Также от имени членов регионального совета ветеранов выражаю огромную благодарность председателям первичных организаций на линейных предприятиях за заботу и внимание к ветеранам-железнодорожникам. Яхия Альмусин пользуется большим авторитетом среди ветеранов-железнодорожников за его особую заботу и внимательное отношение к людям старшего поколения, – подчеркнула она.

В свою очередь начальник юридического отдела филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Николай Шедогов отметил, что Карагандинский филиал профсоюза в последние годы принимал самое активное участие в рассмотрении вопросов по введению отраслевых пособий

для работающих во вредных условиях. Он выступил с предложением о продолжении этой работы и рассмотрении возможности расширения перечня списка профессий по установлению социальных выплат для работников, выполняющих работы с вредными условиями труда, таких как дежурные по горке, диспетчеры на станциях, приемосдатчики груза и багажа.

По итогам открытого голосования председателем филиала профсоюза на предстоящий пятилетний срок единогласно вновь был избран Яхия Альмусин. Присутствующие на отчетно-выборной конференции пожелали ему активной деятельности, чтобы его усилия приносили пользу всему коллективу и способствовали развитию профсоюзного движения. Делегаты отчетно-выборной конференции поддержали предложение по выдвижению Сатыбалды Даулеталина на должность председателя Федерации профсоюзов Республики Казахстан на очередном XXVII Съезде Федерации профсоюзов.

Эффективную профсоюзную работу Карагандинского филиала профсоюза на конференции также отметили: председатель территориального объединения профсоюзов «Профсоюзный центр Карагандинской области» Болат Жумабеков, директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марат Ибраев. Они пожелали профсоюзу дальнейшей плодотворной работы во благо железнодорожников. Также были подведены итоги конкурса «Как живешь, первичка?», а победители и участники награждены дипломами и денежными сертификатами.

Фото автора

Теміржолшың ардагерлер Орталық кеңесі мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық аппарат Ардагерлер кеңесі теміржол саласының ардагері, Шымкент бөлімшесінің бұрынғы бас инженері, Шымкент өңірі ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарған **Нұртаев Нұрғали Нұртайлының** өмірден озуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№71-72 (3110-3111) 05/09/2025



QUIZ ОЙЫНЫ РУХАНИЯТҚА АРНАЛДЫ

Қазақстан халқының тілдері күні мен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай ҚТЖ-да Мемлекеттік тілді дамыту секторының ұйымдастыруымен Quiz зияткерлік ойыны өтті. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге арналған ойын тақырыбы «Ұлтымыздың ұлы ұстазы – А.Байтұрсынұлы» деп аталып, оған 4 адамнан құралған 8 топ қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

ҚТЖ бас ғимаратында өткен іс-шараға теміржолшылар белсенді атсалысты. Зияткерлік ойыны 4 кезеңге бөлінді. Кіріспе кезеңінде қатысушылар 4 жауап нұсқасы бар сұрақтарға жауап берді. «Сөзжұмбақ» және «Байланыс» кезеңдерінде команда мүшелері кеңесе отырып, барлық сұрақтың ортақ жауабын табуға тырысты. «Тәуекел» деп аталатын төртінші кезеңде логикалық мәтін түріндегі сұрақтар қойылды. Барлық сауалдар қазақ руханияты мен негізінен Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналды.

Ойын нәтижесінде мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен беделін көтеруге атсалысып, жоғары ұпай жинаған «ЦЮ-Орда» тобы 1-орынды иеленді. Екінші орынды «Маса» және «Қазына» топтары өзара бөлісті. Ал үшінші орын «Ана тілі», «Сақтар» және «Қамажай» командаларына берілді. Ал жүлдегерлер қатарынан табылмаған «Кербез», «Көшпенділер» командаларына ынталандыру сыйлықтары берілді.

– Ойын өте қызықты, тартысты өтті. Сұрақтар тек тіл маманы

үшін ғана емес, жалпы барлық саладағы адамдар үшін оңай, бастысы бұл жерде логиканы іске қосып, бұрын тарих пен әдебиеттен өткен деректерді еске түсіру керек. Біздің топ заңгерлерден құралғандықтан бұл аса қиын болмады. Жалпы мұндай жарыстарға жиі қатысамыз, мақсатымыз – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге атсалысу, – дейді жеңімпаз команда «ЦЮ-Орда» тобының мүшесі, компанияның құқықтық қамтамасыз ету департаментінің менеджері Диас Шарафадин.

Сайысқа түскен 32 адам сыйлықсыз қалмады. Ынталандыру сыйлығына ет астауы, үшінші орынға музыкалық киіз үй, екінші орынға қысқатолқынды пеш және бірінші орын алғандарға мультиварка тарту етілді. Мемлекеттік тілді дамыту секторының басшысы Ербол Тоқтағазы мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасып, ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізіле беретінін жеткізді.

Суретті түсірген Әділ ҚАЙЫРБЕКОВ

АЛҒАШҚЫ БАҒЫТТАҒЫШ БҰРМА ҚОЙЫЛДЫ



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

Сарыағаш станциясының іргесіндегі Дарбаза аралығынан бөлінетін және сол жерден Ердауіт станциясына қарай төселген теміржол тармағына алғашқы бағыттағыш бұрма қойылып, Дарбаза – Сарыағаш аралығының жұл жолына екiжақты автоблoк орнатылды. Ал бағыттағыш бұрма кешенін қоуды іске асыру үшін аталған телімнің тақ жолына таңғы сағат 7:00-ден бастап 20 сағаттық технологиялық толаскез жоспары бекітілді.

Жоспарлы жұмыстың ойдағыдай орындалуы үшін аталған нысанда құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер компанияның жауапты өкiлдері мен НОД-9 және НЖС-9 мекемесінің жетекшілері қатысты. Осы ретте Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің Арыс жол дистанциясы жұмыскерлерінің еңбектерін айрықша атап өткен жөн. Сол



сияқты ІІІЧ-38, ЭЧ-24, ВЧД-30, ТЧЭ-32 мекемелері мен Сарыағаш станциясының өкiлдері де тарихи сәттің куәгері атанып, жобаның сәтті жүзеге асуына атсалысты.

Алғашқы бұрма салу жұмысын үйлестіруге «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент бөлімшесінің бас инженері И.Нұржанов пен Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің орынбасары Ж.Мырзабеков және Арыс жол дистанциясының бастығы Ғ.Мұқажанов та қатысты.

Екі кезеңнен тұратын 8 және 12 сағаттық толаскезге бас-аяғы 21 жұмысшы мен жетекші құрам және ҚТЖ-ның құрылымдық

мекемелерінен 20-ға жуық түрлі техникалар жұмылдырылды. Оның алғашқы кезеңінде Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы А.Бижановтың жетекшілігімен тақ жолдың желісі жоғары кернеулі электр желісінен ажыратылып, қауіпсіз қызмет үйлестірілді. Ал ІІІЧ-38 мекемесінің бастығы М.Жаңабаев Сарыағаш пен Дарбаза станциясының аралығында байланыс желісінің қалыпты қызметін қамтамасыз етті. Алғашқы бұрма салу жұмысының ойдағыдай іске асуына ІІІЧ-54 мекемесінің бас инженері Думан Додабаев жетекшілік еткен

жолшылар білек сыбана кірісті.

– Бұл – біз үшін қалыпты жағдайда міндетімізді орындау болып көрінгенімен, тарихи тұрғыда маңызы зор әрі жауапкершілігі жоғары жұмыс. Сондықтан да ерекше сәттің іске асуының куәсі болып қатқанымызға өте қуаныштымыз. Жол құрылысына жауапты жетекшілер де, біздің бригадалардың жігіттері де жоспарлы істі ойдағыдай орындап, алғашқы бұрманы салуға бір кісінің баласындай ұйымшылдықпен қатысты, – дейді Арыс жол дистанциясының бас инженері Думан Әсілханұлы.

Айта кетсек, мемлекетаралық қатынаста стратегиялық маңызы жоғары «Дарбаза-Мақтаарал» телімі іске қосылған жағдайда Өзбекстанға 2 бірдей жаңа теміржол телімі арқылы шығу мүмкіндігі туады. Сонымен қатар Түркістан облысының Сарыағаш, Келес, Мақтаарал және Жетісай аудандары арқылы шойын жол шаруашылығы Қазақстанның үлкен жол торабымен байланысады.

Суретті түсірген автор

QR-КОД ҚОЛДАНЫСҚА ЕНСЕ...

ҚТЖ қағаз арқылы құжат айналымын азайтып, мүмкіндігінше электронды құжат айналымын бір ізге түсіргені белгілі. Осыған орай, уақыт талабымен үндесе отырып, жалынды жастардың бастамасымен озық технологияларды өндірісте қолдану кең өріс алып келеді.

Ақылбек ӘМЗЕ,
Түркістан

Осы күндері Түркістан локомотив пайдалану депосында жылу техникаларының жетекші инженері болып еңбек ететін Санжар Шәкәрімов QR-кодты кеңінен қолданысқа енгізудің жай-жапсарын зерделеуде.

– Қазір QR-код көп жерде қолданылады. Озық технологиялы үлгіні біз де өз саламызда кәдеге жаратсақ дейміз. Айталық, бізге



телефонограмма немесе факсограмма арқылы біліктілік арттыру жиындарына шақырту хаттар келіп жатады. Енді соның бір бұрышына әлгі QR-кодты енгізуді ойластырудамыз. Өйткені оны енгізу аса қиын емес, есесіне ақпаратқа қол жеткізудің тиімділігі артады, – дейді ол.

Зейіні зерек, жаңашылдыққа жаны құмар Санжардың сөзіне сүйенсек, бұл амалдың астары мынадай. Әлгі шақырту хаттың бұрышындағы

Мерей

ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Конституцияның 30 жылдығына орай Жамбыл өңірінде салтанатты жиын өтті. Онда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалы Талас станциясының пойыз құрастырушысы Марат Нұрикеевке «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» ордені табысталды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Мерекелік іс-шарада Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев өңірдің дамуына үлес қосып жүрген түрлі сала өкiлдеріне, оның ішінде қарапайым еңбек адамдарына мемлекеттік наградалар тапсырды.

– Биыл Жұмысшы мамандықтар жылына орай еңбек адамдарына көп



көңіл бөлінуде. Қарапайым кәсіп иелерінің мерейі артып жатыр. Олардың арасында теміржолшылардың бары қуантпады. Теміржол саласы – тұрақты табыстың көзі. Еткен еңбек елеусіз қалмайды, – дейді Марат Нұрикеев.

Пойыз құрастырушының сөзі негізсіз емес екен. 1991 жылы Тараз теміржол

көлік және коммуникация колледжін бітірген соң, Талас станциясында орталық сигнал бұғаттаушысы болып жұмысқа орналасқан жас маман екі-үш жылдан кейін басқа салаға ауысады.

Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңдегі көпке таныс жағдай ғой. Араға біраз жыл салып, 2011 жылы әулетіне кәсіп болған теміржол саласына қайта оралыпты. Содан бері Талас станциясында пойыз құрастырушы.

– Біз – теміржолшы әулетіміз. Атам да, әкем де, анам да Талас станциясында еңбек еткен. Әкем марқұм зейнетке шыққанша жол бригадирі болды. Анамның да сіңірген еңбегі бар, станцияда жүк қабылдап-өткізушінің қызметін атқарды. Қазір зейнеттік демалыста. Өзім де қайта айналып осында келдім. Алған марапатым – адал еңбектің өтеуі, – деп қуанышымен бөлісті марапат иесі.

Суретті түсірген автор

КӨМЕК БЕРУДЕ ТӘЖІРИБЕСІ МОЛ

Жыл басынан бері Маңғыстау темір жолында қалпына келтіруді қажет ететін апаттық жайттар тіркелмеген. Яғни бұл тұрғыдан қалпына келтіру пойызының қызметі қолданылмаған. Десе де, ҚКП қызметкерлері мен техникасы қарап отырған жоқ. Теміржол мекемелеріндегі біраз шаруаны атқаруға қатысқан.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Мекеме 26 рет келісімшарт бойынша түрлі станция-бекеттерге барып, әртүрлі жұмыстарды орындаған. Шетпе, Сайөтес, Маңғыстау, Қаракия, Жетібай станциялары мен №9, 15, 16 бекеттердің басында теміржол құрылысының қажетті жабдықтарын түсіру, ауыстыру, орнату, жүктеу сынды жұмыстарды істеген. Тарқатып айтар болсақ, Сайөтес станциясында теміржол үстімен өтетін көпірдің астын 30 сантиметрге көтеріп биіктеткен. Маңғыстау жол дистанциясына келген техниканы түсіріп, жөндеу жүріп жатқан телімдерінде бағыттамалық бұрмаларды ауыстыруға, темірбетонды ішпалдарды вагоннан түсіруге қатысқан.

Маңғыстау станциясында бірнеше рет бағыттамалық бұрманы аударып, ағаш ішпалдарын түсірген. Шетпе станциясында да осы істі атқарып, келген модульдік үйшікті орналастыруға көмектескен. Қалпына келтіру пойызының техникалары вокзал шаруашылығына да қолғабыс еткен. Маңғыстау вокзалына келген брусчаткаларды Шымкентке қарай тиеп жөнелтуге атсалысқан. Басқа да бекет пен станцияларда ішпал түсіру, бұрманы салу, аудару жұмыстарын жүргізген.

– Қалпына келтіру пойызының қыз-

меткерлері мен техникасы ай сайын келісімшарт негізінде атқаратын бірнеше жұмысқа шығады, әр жерде әртүрлі шаруаны атқарады. Одан басқа өзімізді сынап, жетілдіру мақсатында ұйымдастырылатын техникалық сабақтар да болады.

Соңғы рет маусым айында кранның қатысуымен жоспардан тыс техникалық сабақ жүргіздік. Техникаларымызды уақытылы тексеруден өткіздік.

Биыл бірнеше техника деполық және техникалық қызмет көрсетуден өтті. Қазір бізде екі кран, үш трактор, бір тартқыш техника (тягач) бар. Екі ескі вагонымызды жарамдылық мерзімі бітуіне орай ҚТЖ компаниясына қайта тапсырдық. Орнына қолданыста болған басқа вагон алдық. Бір вагонымыз Көкшетауда деполық жөндеуден, тракторымыз, ЕДҚ-1000/2 кранымыз жергілікті техникалық қызмет көрсетуден өткізілді. Тағы екі кранымызды Қандыағаштан келген ЖШС арнайы тексеріп, 2030 жылға дейін жұмысқа жарамды деген қорытындысын беріп кетті.

Қазір мекеменің сырты жаңартылып, алдына брусчатка төселіп жатыр. Бокстардың да бірінің ішіне кафель жабыстырылып, іштері тегістеліп, шыланды, – дейді Маңғыстау қалпына келтіру пойызының бастығы Ербол Мүсірханов.

Суретті түсірген автор

Казахстанский отраслевой профсоюз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта (Профсоюз железнодорожников) на сегодняшний день является одним из крупнейших отраслевых профсоюзов Республики Казахстан. Сегодня в рядах Профсоюза железнодорожников состоит более 108 тысяч работников транспортной отрасли, среди которых более 70% производственные работники. В год, когда отмечается 120-летие профсоюзного движения железнодорожников Казахстана, Профсоюз железнодорожников продолжает активно защищать социально-трудовые права работников, участвовать в законотворческой деятельности и укреплять социальное партнерство. О том, с какими результатами Профсоюз железнодорожников выходит на очередной съезд, какие стоят задачи и что в центре внимания, мы побеседовали с председателем Оразгали Ахметбаевым.



ПРОФСОЮЗ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ — 120 ЛЕТ ЗАЩИТЫ СОЦИАЛЬНО-ТРУДОВЫХ ПРАВ И ИНТЕРЕСОВ РАБОТНИКОВ ОТРАСЛИ

– Оразгали Тулепбекович, мы встречаемся с вами накануне очередного съезда, который состоится 10 сентября текущего года. Этот год особенный: исполняется 120 лет с момента создания первой профсоюзной ячейки железнодорожников в депо станции Перовск (ныне Кызылорда). Какие параллели вы видите между работой профсоюзных организаций тогда и сегодня? И с какими результатами Профсоюз железнодорожников выходит на отчет перед делегатами? Есть ли нерешенные вопросы с работодателями?

– Если оглянуться на историю, то цель профсоюзного движения в 1905 году и сегодня едина – это защита трудовых прав и социальная поддержка работников. В далеком 1905 году 20-21 апреля в Москве прошел первый Съезд представителей десяти железных дорог, среди них и делегаты Оренбург-Ташкентской линии. Тогда был принят Устав и программа Всероссийского железнодорожного союза. Это стало основой для формирования первых ячеек – прообраза нынешних профсоюзных организаций. Их главной задачей, как и сегодня, было отстаивание интересов рабочих и защита их прав.

Нашим основным социальным партнером являются АО «НК «Қазақстан темір жолы» и его дочерние общества. Основная задача профсоюза остается неизменной: защита трудовых прав, социальная поддержка, забота о работниках и их благополучии.

Документом, закрепляющим основные принципы социального партнерства, является трехстороннее Отраслевое соглашение по социально-экономическим вопросам, заключенное между представителем государства, работодателем и профсоюзом. На сегодняшний день действуют Отраслевое соглашение и Коллективные договоры на 2024-2026 годы.

Хочу подчеркнуть, что при каждом заключении новых Коллективных договоров мы твердо держим позицию по сохранению действующих льгот и гарантий для работников и также на постоянной основе проводим работу по улучшению условий Коллективных договоров.

Приведу лишь несколько наиболее значимых изменений.

Благодаря нашей твердой позиции в Коллективные договоры группы компаний АО «НК «ҚТЖ» введены четыре обязательные единовременные премии ко Дню Республики Казахстан, Дню Независимости Республики Казахстан, Наурыз мейрамы, а также к профессиональному празднику – Дню работников железнодорожного транспорта.

К слову, на государственном уровне мы добились отдельного профессионального праздника железнодорожников, теперь официально у нас есть День работников

железнодорожного транспорта.

Также по настоянию профсоюза в перечень работников, имеющих права на досрочное прекращение трудовых отношений и получение отраслевого пособия по возрасту, включены дополнительные категории работников: монтеры, бригадиры пути, составители и помощники составителей поездов. Это справедливое решение, поскольку именно эти работники ежедневно несут на себе тяжелую нагрузку.



СЕГОДНЯ МЫ ОБЪЕДИНЯЕМ БОЛЕЕ 100 ТЫСЯЧ РАБОТНИКОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО, АВТОМОБИЛЬНОГО, ВОЗДУШНОГО И ВОДНОГО ТРАНСПОРТА. ЭТО ОДНА ИЗ САМЫХ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ОТРАСЛЕЙ ЭКОНОМИКИ, И ПРОФСОЮЗ ЗДЕСЬ – РЕАЛЬНАЯ СИЛА. НАШИ ОТНОШЕНИЯ С ҚТЖ И ЕГО ДОЧЕРНИМИ КОМПАНИЯМИ СТРОЯТСЯ НА ПРИНЦИПАХ РАВНОПРАВНОГО ПАРТНЕРСТВА.



Отдельное внимание – молодые специалисты, прибывшие на работу на станции 3, 4, 5-го классов, обгонные пункты и разъезды, им предусмотрена материальная помощь на обустройство и 20-процентная надбавка к тарифной ставке в течение первых двух лет работы. Это очень важный шаг: он помогает закреплять молодых кадров в отрасли и стимулирует их профессиональный рост.

На особом контроле и поддержка детей, пенсионеров отрасли, работников с инвалидностью, это и организации летнего отдыха детей работников, и оздоровление пенсионеров. Это важная часть нашей работы.

– Одним из приоритетных направлений работы профсоюза всегда является охрана труда. Какие шаги предприняты для обеспечения безопасности работников?

– Мы действительно уделяем этому направлению особое внимание. За последние годы проведена большая работа. Совместно с Федерацией профсоюзов Республики Казахстан мы инициировали пересмотр пенсионного возраста для отдельных категорий работников, чья деятельность связана с вредными и опасными условиями труда. Обновили формы отчетности по безопасности, провели технические занятия с инспекторами по охране труда в Алматинском, Западно-Казахстанском, Абайском, Восточно-Казахстанском и Туркестанском регионах, а также организовали совместные семинары с профсоюзами.

Мы добиваемся, чтобы администрация компании обеспечивала выплаты за вредные условия, предоставляла дополнительные отпуска, выдачу молока. Но важно не только требовать, но и менять саму психологию работников: формировать культуру безопасности, обучать навыкам, которые помогут трудиться без риска для здоровья.

– Что делает профсоюз для улучшения условий труда на практике?

– По нашей инициативе были созданы производственные советы по безопасности и охране труда, активизирована работа технических инспекторов.

Представители профсоюза включены в комиссию по закупу спецодежды, и мы тщательно следим, чтобы работники были обеспечены всем необходимым.

При выездах на линии мы проверяем плакаты по безопасности, соответствия нормам безопасности. Нарушения устраняются на месте, а в сложных случаях вопрос решается на уровне руководства.

Также нами разработаны и переданы структурным подразделениям компании плакаты по безопасности, подготовлены знаки и удостоверения единого образца для технических инспекторов, направлены в регионы электронные версии нормативных документов по охране труда.

– Какая роль у профсоюзных активистов в этой работе?

– Огромная. Активисты должны проявлять реальную заботу о людях, быть

честными и принципиальными при проверках, в комиссиях по расследованию несчастных случаев. К сожалению, нередко бывает так, что вина перекладывается на самого пострадавшего. Наша задача – не допускать несправедливости, защищать права работников и их семей.

Особая ответственность лежит и на профкомах, которые участвуют в комиссиях по аттестации производственных объектов. Именно они должны добиваться сохранения льгот для тех, кто трудится во вредных и тяжелых условиях. Ведь любое упущение может привести к тому, что работник лишится заслуженных гарантий.

– Вопрос заработной платы всегда был самым чувствительным для трудовых коллективов. Какова ситуация сегодня?

– Вы абсолютно правы: заработная плата – главный показатель социального благополучия. И для нас важно, чтобы люди получали ее вовремя и в полном объеме. Сегодня можно отметить положительный момент, выплата заработной платы, начисление и оплата ежегодных трудовых отпусков работникам компании и дочерних организаций производятся без задержек и в сроки, оговоренные Коллективными договорами. Задолженность по заработной плате на текущий момент отсутствует.

– Можно ли сказать, что профсоюз влияет на решения по повышению зарплат?

– Среди перечня социальных вопросов, стоящих перед профсоюзом, вопрос заработной платы, безусловно, является главным.

В период 2021-2023 годов была проведена огромная работа по существенному повышению заработной платы работников группы компаний АО «НК «ҚТЖ», в 2021 году повышение заработной платы работникам на тарифной системе оплаты труда было произведено дважды: с 1 января 2021 года на 10% и с 1 июля 2021 года на 10%.

С 1 января 2022 году произведено дифференцированное повышение заработной платы в зависимости от группы разрядов от 20 000 до 40 000 тысяч тенге (инициатива со стороны компаний), в два этапа произведен перевод на областные коэффициенты, которые были выравнены до максимального областного уровня, в 2023 году повышение заработной платы работникам группы компаний АО «НК «ҚТЖ» было произведено дважды: с 1 января 2023 года на 5% и с 1 марта 2023 года на 15%.

В 2024-2025 годах повышение заработной платы работникам группы компаний АО «НК «ҚТЖ» произведено с 1 января на 7%.

За прошедшие пять лет рост заработной платы железнодорожников составил более чем в 2,2 раза.

Средняя заработная плата по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» выше средней заработной платы по Республике Казахстан порядка на 12,4%.

– Оразгали Тулепбекович, помимо защиты трудовых прав, важное место в деятельности профсоюза занимает работа с семьями железнодорожников. Как организовано это направление?

– Это действительно одно из ключевых направлений. Мы всегда говорим: профсоюз работает не только для самого работника, но и для его семьи. Через филиалы, представительства и первичные организации мы держим на постоянном контроле вопросы охраны труда, заботимся о здоровье людей, предоставляем путевки на отдых и лечение, организуем детский досуг, оказываем помощь в сложных ситуациях, поддерживаем ветеранов и пенсионеров.

Даже в самые трудные периоды, например, во время пандемии, профсоюз не оставался в стороне. Мы закупали медикаменты, средства защиты, выделяли финансовую помощь пострадавшим и их семьям. Поддержали железнодорожников и в чрезвычайных ситуациях – будь то ЧС на станции Арыс или пожар в Аулиекольском районе. Организывался сбор средств, и наши активисты помогали семьям, оказавшимся в беде.

– Какая помощь оказывается профсоюзом в повседневной жизни?

– За отчетный период профсоюз оказал материальную помощь работникам, их семьям, ветеранам и пенсионерам на сумму более 2 миллиардов 190 миллионов тенге. Это поддержка при тяжелых заболеваниях, в реабилитации, лечении, оздоровлении. Для нас это не формальность, а реальная забота.

Особое внимание уделяем детям. Каждый год накануне учебного сезона проводится акция «Дорога в школу», в рамках которой более 3 000 детей из малообеспеченных семей железнодорожников получают школьные наборы. А к 1 июня, в Международный день защиты детей, мы организуем праздники во всех регионах: концерты, экскурсии, посещение музеев, кинотеатров, парков.

После этого начинается сезон лагерей. Более 27 тысяч детей работников движения за 2021-2025 годы отдохнули в оздоровительных центрах по всей стране. Только в столице за этот период побывали свыше 2,5 тысячи детей из всех регионов. Для них организуются экскурсии, мастер-классы, развлекательные программы. Мы считаем важным, чтобы дети железнодорожников знали профессию родителей, гордились ими и при этом сами чувствовали заботу.

– Профсоюз активно работает и с молодежью. Какие результаты есть здесь?

– Молодежь – это будущее профсоюза и всей железнодорожной отрасли. Сегодня среди председателей профкомов 8% – это люди до 35 лет, среди членов профкомов – 35%. А всего в составе отраслевого профсоюза около 35,5% молодежи. Мы проводим форумы, семинары, конкурсы вроде «Жас кәсіби маман», работаем в партнерстве с ҚТЖ и другими работодателями, активно участвуем в международных проектах.

– Сегодня Казпрофтранс – это крупная организация. Можно ли сказать, что профсоюз укрепил свои позиции?

– Безусловно. Сегодня мы объединяем более 100 тысяч работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта. Это одна из самых стратегических отраслей экономики, и профсоюз здесь – реальная сила. Наши отношения с ҚТЖ и его дочерними компаниями строятся на принципах равноправного партнерства.


И в юбилейный, 120-й год профсоюзного движения мы отмечаем дату не словами, а делами: проводим культурные, спортивные, благотворительные акции, работаем с детьми, чествуем ветеранов. Но при всем этом главное для нас остается неизменным – защита трудовых прав, социальная поддержка, забота о работниках и их семьях.

Руслан РАХМЕТОВ

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПЛЕЧОМ К ПЛЕЧУ

Костанайский региональный совет ветеранов-железнодорожников совместно с Костанайским филиалом ОО «Казпрофтранс» подводит предварительные итоги сотрудничества в преддверии профсоюзного слета. Этот год, объявленный в АО «НК «ҚТЖ» Годом рабочих профессий, стал для ветеранов и профсоюзников временем активной совместной работы.



Как рассказала председатель Костанайского регионального совета ветеранов-железнодорожников Раушан Абишева, в регионе прове-

ден целый ряд встреч ветеранов с молодыми железнодорожниками в библиотеках города. Опытные железнодорожники делились с молодежью воспоминаниями и историей своей профессии. В мае, к 80-летию Победы, ветераны

вместе с руководством филиалов и профсоюзными активистами посетили участника Великой Отечественной войны и 33 труженников тыла. Всем им вручили грамоты и подарочные наборы. Сейчас ветераны и профсоюз го-

тоятся к мероприятиям памяти, посвященным 100-летию Героя Социалистического Труда, ветерана ВОВ, Почетного железнодорожника Балгабая Мырзахметова. Торжества пройдут на станции Тобол.

Сегодня на учете совета состоят более трех тысяч пенсионеров-железнодорожников. Многие из них продолжают активную общественную жизнь: выступают на открытии спартакиад, участвуют в клубе «Долголетие» и ретроклубах, сами становятся участниками и победителями спортивных соревнований.

Тесное сотрудничество с проф-

союзной организацией проявляется и в поддержке культурных мероприятий. Коллективы филиалов и предприятий региона традиционно приглашают ветеранов на праздники, торжественные собрания, концерты. К 120-летию образования железной дороги в Казахстане была издана книга «Железная дорога Костанайского региона. 1904-2024 гг.», профинансированная профсоюзом. Благодаря этой поддержке ежегодно проводятся и чаепития в честь Международного дня пожилых людей.

Особое внимание уделяется сохранению исторического наследия. Музей боевой и трудовой славы железнодорожников ежемесячно посещают более

тысячи человек – школьники, студенты, ветераны и гости региона. Совместно с профсоюзом устанавливаются мемориальные доски в честь заслуженных работников, а также разбиваются аллеи железнодорожников в Костанаете, на станциях Тобол и Аманжолта.

– Мы благодарны профсоюзной организации за постоянную поддержку и внимание, – подчеркнула Раушан Абишева. – Это касается как поздравлений юбиляров со стажем более 40 лет, так и помощи ветеранам, оказавшимся в трудной ситуации. Такая забота объединяет поколения и сохраняет лучшие традиции железнодорожного братства.

ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНЫҢ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Семей ЖТ бөлімшесі салалық кәсіподақ комитетінің қызметі ұжымдағы еңбек қатынастарын реттеу, әлеуметтік қолдау көрсету және мәдени һәм бұқаралық спорттық шараларды ұйымдастыру сынды бірнеше бағытты қамтып, жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп келеді.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Атап айтсақ, жыл көлеміне жуық уақыт бойы әлеуметтік сала, спорт, қайырымдылық, ұжымдық шарт аясындағы жұмыстарға баса мән берілген.

Жергілікті кәсіподақ белсенділері тарапынан ауқымды шаралар атқарылды. Жұмыс барысы жиі талқыланып, болашақ жоспарлар да бағдарланып отырады. Мәселен, өткен сәуір айында НОД-ЖТ кәсіподақ комитетінің есепті-сайлау конференциясы өтіп, оған «ҚТЖ-ЖТ» филиалы көпсөдағының төрағасы Ермек Төлегенов арнайы келіп қатысқан болатын.

Жалпы «Қазкөліккәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұловтың айтуынша, әсіресе спорт саласы бойынша жұмыстар қарқынды. Бұл ретте түрлі біріншіліктер тұрақты өткізілуде. Жергілікті спортшылар кәсіподақ қолдауымен еліміздің әр түкпіріндегі сайыстарға қатысып, жүлделі орындар алып жүр.

Бөлімше теміржолшыларының бұқаралық спорт түрлерімен тұрақты айналысуы үшін өткен жылдың соңында 1 млн 696 мың



теңгеге түрлі спорттық құрал-жабдықтар алыныпты. Қазіргі күні спортзал қайта жаңартылды.

Жылдағы дәстүрге сай кәсіподақ кубогы мен жаңашыл бастама – кәсіподақ саласының ардагері Алик Досановты еске алу турнирін өткізу де жолға қойылған.

Әлеуметтік салада да жұмыс қарқынды. Мәселен, өткен жылы түрлі себептер бойынша өтініш білдірген кәсіподақтың 81 мүшесіне қайырымдылық көмек жасалыныпты. Оның сыртында қымбат бағалы операциялар мен дәрі-дәрмектер алу үшін және емделуге 1 514 500 теңге қаржы берілген. Жалпы, кәсіподаққа көмек сұрап жүгінген барлық теміржолшылар өтініштері қа-

нағаттандырылған.

Әлбетте, бұл шаралардың сыртында тыл еңбеккерлеріне азық-түлік себеті тарту етіліп, Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер мен тәжік шекарасын күзеткендерге, ардагерлер қауымына арналып мерекелік дастарқан да жайылған.

Тағы бір мәселе – бөлімшедегі мәдени-рухани шаралар өткізу. Бұл ретте кәсіподақ ұйымы Абай хакімінің 180 жылдық мерейтойына орай 80 адамға «Жыр Меккесі» Жиңдебай жеріне танымдық сапар ұйымдастырыпты. Кәсіподақ белсенділері ұлы ақынға арналған, тамыздың 1-і мен 10-ы арасындағы онкүндік шаралардың да бел ортасында жүрді. Соның нәтижесінде болар,

теміржолшылар командасы «Абай QULZ» республикалық зияткерлік ойынында «Ең креативті команда» аталымын жеңіп алып, ақшалай жүлдені қанжығаға байлады. Сайыстарға қатысқан бірқатар спортшылар бас жүлдені еншіледі. Хакім мерейтойына арналған іс-шаралар легі кәсіподақ бастамасымен әлі де өткізілуде.

Сондай-ақ желі бойындағы барлық мекемелер өкілдері арасында «Өнерлі теміржолшы» байқауы алғаш рет ұйымдастырылып, әуесқой жаңа дарын иелерінің танылуына да кеңінен жол ашылды. Олар бөлімше көлемінде өтіп жатқан Наурыз, Көлік қызметкерлері күні тәрізді барлық мерекелік іс-шараларда өнер көрсетуде.

Әсіресе көп балалы теміржолшылардың балаларына қамқорлық көрсетуде белсенді жұмыстар жүргізілуде. Балдырғандар екі жыл қатарынан Астанаға саяхаттап қайтты. Сол тәрізді осы аптада ғана дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында бірінші сынып табалдырығын алғаш аттайтын 192 балақайға оқу құралдары салынған арнайы сөмке мен тәттілер табыс етілді.

Бүгінде Семей теміржолындағы салалық кәсіподақ қызметінің бағыты айқын, жұмысы жүйелі. Бірлікке, еңбекті қадірлеуге, кәсіби білім мен адалдыққа және көптің игілігі үшін қарекет етуге үндейтін Абай өсиетіне сай нәтижелі қызмет етуде.

Суретті түсірген автор

БЕСІК ЖЫРЫН ЖЫРЛАҒАН НЕЛЛЯ ӘЖЕ

Нелля Шевченко – қырық бір жыл ат ауыстырмай темір жолда еңбек еткен жан. Сондықтан болса керек, темір жол оның өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Қазір де зейнеткер темір жол жаңалықтарын үзбей қарап, есі кіріп қалған немерелеріне өзі жүріп өткен еңбек жолдарынан сыр шертеді. Ал тым кішкентай бөпелерін қазақы салтпен бесікке бөлеп, бесік жырымен әлдиелейді.

– Мен Ресейдің Тамбов облысында дүниеге келдім. Әкемнің ағасы Николай Омбы теміржол институтын бітіріп, жолдамамен Құлсары станциясындағы вагон депосына жұмысқа тұрып, көп кешікпей басшы болыпты. Содан менің әкемді қасына шақырыпты. Мен ол кезде 8 жаста едім. Осылайша, Қазақстан менің екінші Отаныма айналды, – дейді кейіпкеріміз.

Нелляның айтуынша, әкесі Василий Құлсарыда ГПТУ-да геометрия, сызу және материалдардың төзімділігі туралы сабақ беріп, оқытушы болған. Ал анасы Нина Ивановна алғашқыда байланыс пошта бастығы, кейін Құлсары белгі беру және байланыс дистанциясында телеграф қызметкері болған. Нелля Васильевна 1975 жылы №468 Құлсары теміржол мектебін бітіріп, дистанция жолдамасымен Гурьев қаласындағы теміржол техникумына оқуға түсіпті. Оқу ордасын 1978 жылы бітіріп, алғашқыда дистанцияда байланыс электромонтері, СОБ электромеханигі, байланыс диспетчері қызметтерін атқарған, ал 1985 жылы техникалық бөлім инженері лауазымына ауыстырылған. 2005-2008 жылдары жұмыстан қол үзбестен Алматы М.Тынышпаев атындағы теміржол көлігі академиясын үздік дипломмен бітіріп шыққан. Бұл оның қызметтік сатыда көтерілуіне септігін тигізіпті. Нелля Васильевна 2019 жылдың қыркүйек айына дейін дистанцияда техникалық бөлімге жетекшілік етіп, зейнетке шыққан. Өзі ісін қашанда ұқыпты, зор жауапкершілікпен атқарып, кәсіпке адалдықтың үлгісін көрсете білген Нелля Шевченконың есімі дистанцияның «Құрмет тақтасына» енгізілген. 2007 жылғы ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ президенті атынан алған Алғыс хат, басқа да грамоталар – кейіпкеріміздің еңбегінің өтеуі. Дистанцияда ПОНАБ электромеханигі Мәлік Ерғалиевпен отау құрып, Тарас, Аружан атты ұл-қызды өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсірген.

– Мен немерелерімді қазақы салтпен бесікке салып, өсіріп келемін. Бесікте бала тыныш ұйықтайды. Оларға өзім білетін бесік жырын айтамын. Кітап оқып беремін. Немере баладан да ыстық деп қазақ бекер айтпайды. Әже мен немере арасында тылсым бір байланыс бар. Мен бақытты әжемін, – деп түйіндейді сөзін Нелля Васильевна.

Меңдібай ХАЙРУЛЛИН,
ҚР Журналистер одағының мүшесі



АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!

Маңғыстау станциясындағы желілік полиция қызметкерлері 25 тамыз-10 қыркүйек аралығында «Абайлаңыз, балалар!» атты акция өткізуде.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған акцияның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің теміржол бойында және пойыздарда жүруі кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау мәдениетін қалыптастыру, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Акция барысында теміржол көлігінде жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, балалар мен

ата-аналарға теміржол аумағында жүріп-тұру ережелері көрсетілген ұнпарақтар таратылуда.

– Міне, жаңа оқу жылы да басталды. Оқушылар мектепке барып, үйге қайтар жолда теміржол аумағынан да жүруі немесе сол маңда ойнап кетуі мүмкін. Сондықтан балалардың қауіпсіздігі үшін арнайы алдын алу жұмыстарын жүргізудеміз. Алғашқы күндері вокзал аумағында пойыздағы жолаушылармен өткізсек, алдағы күндері Маңғыстау станциясындағы №1, 5, 11 орта мектептердің 7, 8 сыныптарына кездесу ұйымдастырамыз. Оларға теміржол аумағында жүру қағидаларын түсіндіріп, арнайы ереже-



лерді ескертеміз, – дейді Маңғыстау ст. ЖПБ ӘПБ полиция майоры Нарбек Жөненбаев.

Шахидә ЖҰМАН, *Маңғыстау*
Суретті түсірген автор

«Қазтеміртранс» АҚ сату жөніндегі Комиссия отырысының 2025 жылдың 28 тамыздағы №4 хаттамасына 3-қосымша

САУДА ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы 2025 жылғы 19 қыркүйекте сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін өтетін «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының мүлкін сату бағасын көтеру бойынша сату Аукционы түрінде электронды сауда өткізетіндігін хабарлайды, (Астана уақыты бойынша) www.e-qazyna.kz мемлекеттік мүлікті тіркеу веб-порталында өтеді. Активтерді сату «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 20 қазанындағы №18 хаттама) «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының мүлкін сату жөніндегі ережелеріне және «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 23 мамырындағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тіркелімінің веб-порталында мүлікті сатуды өткізу туралы регламентке (ары қарай – Регламент) сәйкес өтеді.

Төмендегідей активтерге аукцион жарияланады:

2 Лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 6 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 6 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 3 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 63 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 8 317 468 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 247 621 теңге, орналасқан жері: қ. Павлодар, Транспортная к-сі, 10/6;

3 Лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -20% автоматты қосқыш жинағы 13 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-40% автоматты қосқыш жинағы 54 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 2 405 651 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 360 848 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

4 Лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -60% автоматты қосқыш жинағы 217 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 15 238 608 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 285 792 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

5 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 32 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 7 891 853 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 183 778 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

6 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 65 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 16 030 325 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 404 549 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

7 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 80 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 19 729 631 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 959 445 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

8 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 80 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 36 499 817 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 5 474 973 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

9 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 105 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 25 895 141 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 3 884 272 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

10 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 23 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 5 672 269 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 850 841 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

11 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 103 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 25 401 900 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 3 810 285 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

12 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 75 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 18 496 529 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 774 480 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

13 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 38 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 9 766 231 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 464 935 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

14 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 40 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 10 280 243 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 542 037 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

15 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 66 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 8 995 212 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 349 282 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

16 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 66 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 16 962 400 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 544 360 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

17 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 71 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 18 247 430 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 737 115 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

18 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-

3сб, 2024 р 135 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 34 695 818 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 5 204 373 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

19 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 140 дана, алғашқы/бастапқы бағасы 35 980 848 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 5 397 128 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

